

**Ы.М. Палтөре\*** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: [yktyiar@inbox.ru](mailto:yktyiar@inbox.ru)

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ӘЛ-УАХИД УАЛ-УАХДА» (БІР ЖӘНЕ БІРЛІК) АТТЫ ТРАКТАТЫНЫҢ ТҮПНҰСҚА МӘТІНІ, ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бізге мұра ретінде жетіп отырған Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттары бүгінде толыққанды ғылыми айналымға түсіп үлгерген жоқ. Тіпті трактаттарының саны туралы да зерттеуші ғалымдар әртүрлі пікір айтады (Біз бұл туралы бөлек мақалада егжей-тегжейлі айтатын боламыз).

Әл-Фарабидің «әл-Уахид уал-Уахда» (Бір және Бірлік) атты трактаты 1989 жылы алғаш рет Касабланкада ғылыми талдауларымен бірге араб тілінде басылып шықты. Бұл басылымды қолжазба нұсқаларды салыстыра зерттеп, алғысөз жазып, ғылыми айналымға енгізуге ерен еңбек еткен ирактық ғалым Мұхсин Маһди болатын.

Әл-Фарабидің осы «әл-Уахид уал-Уахда» атты трактатын 2008 жылы Фрат университетінің оқытушы-профессорлар құрамының мүшесі доктор Жевдет Кылыш (Cevdet KILIS) түрік тіліне аударған.

Мұнан бөлек қолжетімді деректерде Дэмьен Яностың (Damien Janos) «Әл-Фарабидің «әл-Уахид уал-уахда» трактаты. Оның құрылымы, мазмұны мен теологиялық нәтижелері жайлы кейбір алдын ала жасалған ескертпелер» атты ағылшын тілінде жазған көлемді талдау мақаласы бар екендігі белгілі.

Біздің зерттеуіміз бойынша күні бүгінге дейін бұл трактат қазақ, орыс тілдеріне мүлде аударылмаған. Сондықтан осы мақалада әл-Фарабидің «әл-Уахид уал-уахда» атты трактаты қазақ тілінде танытылып, құрылымы мен мазмұнына алғаш рет талдау жасалады.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби, дереккөз, әл-Уахид уал-уахдаһ, түпнұсқа мәтін, аударма.

Y.M. Paltore\*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

\*e-mail: [yktyiar@inbox.ru](mailto:yktyiar@inbox.ru)

### The original source, structure and content of al-Farabi's treatise "Al-Wahid wa-I-Wahda" (On One and Unity)

To date, the treatises of Abu Nasr al-Farabi inherited by us, have not yet fully introduced into scientific use. Even scholars disagree about the number of his treatises (We will discuss more this issue in a separate article).

Al-Farabi's treatise, Al-Wahid wa-I-Wahda (On One and Unity), was first published in 1989 in Casablanca along with its scholarly analysis in Arabic. One of the scholars who compared the manuscripts and wrote the foreword and worked diligently to introduce this work for scientific use is the Iraqi scholar Muhsin Mahdi.

Al-Farabi's treatise "Al-Wahid wa-I-Wahda" was translated into Turkish in 2008 by Dr. Zhevdet Kylysh, the member of the faculty of Frat University.

In addition, it is known that among the available sources, there is a voluminous analytical article by Damien Janos in English entitled "Al-Fārābī's (d. 950) On the One and Unity Some Preliminary Remarks on Its Structure, Contents, and Theological Implications".

According to our research, this treatise has not yet been translated into Kazakh and Russian. Therefore, this article for the first time presents al-Farabi's treatise "Al-Wahid wa-I-Wahdah" in the Kazakh language and for the first time its structure and content were analyzed.

**Key words:** Al-Farabi, source, al-Wahid wal-wahda, original text, translation.

Ы.М. Палторе\*

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

\*e-mail: yktyiar@inbox.ru

**Первоисточник, структура и содержание трактата аль-Фараби  
«Аль-Вахид ва-ль-Вахда» (О едином и единстве)**

На сегодняшний день унаследованные нами трактаты Абу Насра аль-Фараби еще полностью не вошли в научный оборот. Даже ученые расходятся во мнениях о количестве его трактатов (Подробнее об этом мы поговорим в отдельной статье).

Трактат аль-Фараби «Аль-Вахид ва-ль-Вахда» (О едином и единстве) был впервые опубликован в 1989 году в Касабланке вместе с его научным анализом на арабском языке. Одним из ученых, сравнивших рукописи и написавших предисловие и усердно работавших над введением этого труда в научный оборот, является иракский ученый Мухсин Махди.

Трактат аль-Фараби «Аль-Вахид ва-ль-Вахда» был переведен на турецкий язык в 2008 году профессором Университета Фрат, доктором Жевдетом Кылышем.

Кроме того, известно, что среди доступных источников существует объемная аналитическая статья Дэмиена Яноса на английском языке под названием «Трактат аль-Фараби «Аль-Вахид ва-ль-Вахда». Некоторые предварительные заметки о его структуре, содержании и теологических результатах».

Согласно нашим исследованиям, этот трактат еще не был переведен на казахский и русский языки. Поэтому в данной статье впервые представлен трактат аль-Фараби «Аль-Вахид ва-ль-Вахда» на казахском языке и впервые были проанализированы его структура и содержание.

**Ключевые слова:** аль-Фараби, источник, аль-Вахид ва-ль-Вахда, оригинальный текст, перевод.

## Кіріспе

Ең алдымен айтылуы тиіс мәселе «*ал-Уахид уал-Уахда*» (Бір және Бірлік) атты бұл трактат Әбу Насыр әл-Фарабидің трактаттары жайлы алғаш мәлімет беретін сонау ортағасырлық араб тілінде жазылған библиографиялық дереккөздерде, нақтырақ айтсақ, Әбул Хасан әл-Қифтидің «*Ихбарул ʿуламаʼ би ахбарил хукама*» (إخبار العلماء بأخبار الحكماء) атты еңбегінде, Ибн Әби Усайбианың «*Уюнул әнба фи табақатил атиббә*» (عيون الأنبياء في طبقات) (الأطباء) атты еңбегінде, сондай-ақ Салахуддин ас-Сафадидің «*Әл-Уаафий бил-Уафайат*» (الوافي بالوفيات أو تاريخ الصفدي) атты еңбегінде атауы аталады. (Ahmed Shams El-Din, 1990). Сондықтан бұл трактаттың Әбу Насыр әл-Фарабиге тиесілі екендігі зерттеуші ғалымдар тарапынан ешбір дау туғызбайды.

Қазіргі кезде бұл трактаттың үш нұсқасы бар. Олардың үшеуі де Ыстанбұл қаласындағы Айя София кітапханасында 3336, 4839 және 4854 тіркеу нөмерлерімен сақтаулы тұрғандығы белгілі. Осы арада осы үш нұсқаның бірі көшірме нұсқа екендігін айтуымыз қажет. Яғни салыстырмалы текстологиялық зерттеуге екі нұсқа ғана жарамды болады. Өйткені үшінші нұсқа осы екі нұсқаның бірінің дәлме-дәл көшірмесі болып табылады. Бұл сөзге профес-

сор М. Махдидің (محسن مهدي) «*әл-уахид уал-уахдаһ*» трактаты жайлы текстологиялық зерттеу еңбегінің 26 бетінде «...4839 тіркеу нөміріндегі қолжазбаның текстологиялық талдауға негіз болатындай ешбір маңыздылығы жоқ. Өйткені бұл нұсқа 4854 тіркеу нөміріндегі қолжазба нұсқаның көшірмесі...» деген қорытынды тұжырымы дәлел бола алады. (Mohsen Mahdi:26)

Әбу Насыр әл-Фарабидің біз сөз етіп отырған «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактатының қолжазбасының қайда сақталғандығы туралы алғашқы мәлімет Карл Броккельманның (нем. Carl Brockelmann) «Араб әдебиетінің тарихы» (تاريخ الأدب العربي) атты еңбегінде «Бірдің бөліктері туралы трактат» арабша айтқанда, «*Рисала фи тақсим әл уахид*» (رسالة في تقسيم الواحد) деген атаумен беріліп, Айя София кітапханасындағы 3:3839 тіркеу нөмері көрсетілген. (Yaqoub Bakr: 141) Бірақ бұл трактат аталмыш тіркеу нөмері бойынша шықпайды. Десек те тіркеу нөмерінен қателесе де қолжазбаның бар екендігін және оның қай кітапханада тұрғандығын нақты көрсете білген. Тіркеудің дұрыс нөмерін зерттеуші М. Махди 2/4839 деп көрсетеді. (Mohsen Mahdi:26)

Ал 1950 жылы түркиялық ғалым Ахмед Атеш (Ahmed Ateş) «*Fârâbî'nin Eserlerinin Bibliyografyası*» атты мақаласында әл-Фара-

бидің осы «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактаты туралы толығырақ мәлімет береді. (Ahmet Ates, 1951: 175-192) Осы мәліметтің негізінде 1961 жылы М. Маһди Ыстанбұл қаласына арнайы сапармен барып, А. Атешпен кездесіп, қолжазба нұсқаларының көшірмесін алып, ұзақ жылдар бойы текстологиялық тұрғыдан зерттеп, түсініктемелері мен алғы сөзін жазып, 1989 жылы араб тілінде кітап етіп басып шығарады. Осылайша әл-Фарабидің «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактаты осы 1989 жылғы басылым кітабы негізінде көпшілікке таныла бастайды. Негізі бұл трактат фарабитанушы зерттеушілердің талдауына көп түсе қоймаған. Бұл туралы еуропалық зерттеуші Дэмиен Янос (Damien Janos): «...әл-Фараби философиясын ұғудағы барынша маңызына қарамастан, бұл мәтін ешқашан да арнайы аналитикалық зерттеу нысаны болмаған және екінші дәрежелі әдебиет ретінде қысқа және үстірт талданып келген», – деген пікір айтады. (Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke, 2016) Бұл пікірмен келісуге болады. Біздің ойымызша мұның басты себебі бұл трактат қолжазба күйінде көп уақыт тұрып, ғылыми айналымға кеш тек 1989 жылдан кейін ғана түскені болса керек деген пікірдеміз.

**Тақырыпты таңдауды дәйектеу:** Қазіргі ғылыми технологияның дамыған заманында әлемдік өркениетте өзіндік үлес қосқан тұлғалардың бірі – Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын, оның дүниетанымын, ғылыми айналымға енбеген трактаттарын зерттеп, зерделеу арқылы ұлттық ғылымға тың ой-пікірлер ұсынумен сипатталады.

**Мақаланың мақсаты:** Әбу Насыр әл-Фарабидің бұрын-соңды қазақ, орыс тілдеріне аударылмаған, жарияланбаған «*әл-Уахид уал-Уахда*» атты трактатын қазақ тілінде танытып, құрылымы мен мазмұны туралы ақпарат беру.

**Мақаланың міндеттері:** Сонау ортағасырлық араб тілінде жазылған әл-Қифтидің, Ибн Әби Усайби аның, ас-Сафадидің библиографиялық еңбектерінде атауы кездесетін әл-Фарабидің «*Әл-Уахид уал-Уахда*» (Бір және Бірлік) атты трактатын түпнұсқа мәтіні, оның нұсқалары, трактаттың құрылымы мен мазмұнын қысқаша түсіндіру.

**Зерттеу әдістемесі:** Мақалада әл-Фарабидің «*Әл-Уахид уал-Уахда*» (Бір және Бірлік) атты трактатының түпнұсқа мәтінін тарихи сипаттау, айқындау, салыстырмалы, салғастыру, когнитивтік, концептілік талдау, лексика-

семантикалық, құрылымдық-грамматикалық талдау, саралау, жіктеу, түйіндеу сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

## Негізгі бөлім

### Нәтижелері және талқылама

Ең алдымен әл-Фарабидің «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактатының мәтінінің тараулары мен бөлімдері жайлы сөз етер болсақ, мыналарды айтуға болады. Трактаттың бірінші тарауы: «Бір»-дің қолданылу түрлері (الباب الأول: الأثناء) (التي يقال عليها الواحد) деп аталады. Бұл тарау төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде: Бір тексте, бір түрде немесе бір сипатта көптік (болған) затқа айтылатын «Бір» (الفصل الأول: الواحد الذي يقال) туралы, екінші бөлімде: сандық «Бір» (الفصل الثاني: الواحد) туралы, үшінші бөлімде: бөліну ерекшелігі болған «Бір» (الفصل الثالث: و يقال الواحد) туралы, ал төртінші бөлімде: қасиеті жағынан белгілі болған нәрсеге де айтылатын «Бір» (الفصل الرابع: و يقال الواحد على) туралы (المنحاز بماهيته) туралы мәселелер талқыға түседі. Ал екінші тарау: «Көп»-тің қолданылу түрлері (الباب الثاني: الأثناء التي يقال عليها الكثير) деп аталып, бұл тарау үш бөлімде қарастырылады. Нақтырақ айтар болсақ, бірінші тараудағы бөлімдерді қоса есептегенде, бесінші бөлімде: «Бірдің қарама-қарсы болған көптік» (الفصل الخامس: الكثير المقابل لما هو واحد) туралы, алтыншы бөлімде: «Бірден пайда болатын көптік» (الفصل السادس: الكثير الحادث عن الواحد) туралы, жетінші бөлімде: «көптік мағынада қолданылатын Бірдің мәселесі» (الفصل السابع: موضوع الواحد) туралы баяндалады. Ал үшінші тарауда: «Көп және Бір» (الباب الثالث: الكثير والواحد) тақырыбы талқыға түседі. Бұл тарау екі бөлімнен тұрады. Жоғарыдағы бөлімдердің ретімен қоса санағанда, сегізінші бөлімде: «Бірдің түрлері және оған кереғар болатын көптің түрлері» (الفصل الثامن: أصناف الواحد وأصناف الكثير المقابلة) туралы, тоғызыншы бөлімде: «Бірдің түрлерінің әрбір түрінен пайда болған көптік», «басқа түрден пайда болған көптен бөлек» (الفصل التاسع: الكثير الحادث عن كل صنف من أصناف الواحد غير) туралы, деген тақырып талқыға түседі. Ал төртінші тарау: «Бір және Көп» (الباب الرابع: الواحد والكثير) деп аталып, ол үш бөлімде жіктеледі. Жоғарыдағы реттілікті сақтай отырып санағанда оныншы бөлімде: «көптің бір бөлігі болатын Бір» (الفصل العاشر: الواحد من جهة ما هو جزء من كثير) туралы, он бірінші

бөлімде: «көптің бір бөлігі болмайтын Бір» (الفصل الحادي عشر: الواحد لا من جهة ما هو جزء من كثير) туралы, ал он екінші бөлімде: «өзі «ол – Бір» дегендердің бір жерге топтастыруы» (الفصل الثاني: الواحد) туралы мәліметтер түсіндіріледі. Ал ең соңғы бесінші тарау: «өзіне «Бір» делінетіндердің қорытындысы» (الباب الخامس: تلخيص ما يقال فيه إنه واحد) деп аталып, бұл тарау тек бір бөлімде түйінделеді. Жоғарыдағы бөлімдердің ретін сақтай отырып есептегенде соңғы он үшінші бөлімде: «Бірдің қолданыс аясындағы Бір» (الفصل الثالث عشر: الواحد يقال على الواحد أنحاء الواحد) туралы баяндалады.

Ал енді мәтіннің мазмұнына қысқаша шолу жасайтын болсақ, әл-Фарабидің «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактатының алғашқы бөлімін «Бір»-дің қолданылу түрлері туралы, нақтырақ айтқанда, бір тексте, бір түрде немесе бір сипатта көптік (болған) затқа айтылатын «Бір» ұғымын түсіндіруден басталады. Әл-Фараби былай дейді: «*әл-Уахид* – Бір (саны) көптеген салада (мағынада) айтылады. Олардың біреуі – Бір (саны) «көптікке» айтылады. Десек те мұның (әр түрлі) жолдары бар. Бұлардың бірі – көптікке тұтастай айтылатын Бір (саны). Ол (кейде) әлде бір текке немесе қандай да бір түрге, яки әлде бір орынға, сипатқа (қатысты) айтылады. Негізі біз көп жағдайда қандай да екі (түрлі) нәрсені ол екеуі бір деп айтамыз. Расында да мына мен анау бір (нәрсе). Ол екеуінің ешбір айырмашылығы жоқ. Шынында, біз мұны кейде әрбір тегі жақын екі нәрсеге (ол екеуі) бір деп айтамыз. Мысалы, есек пен ат бұл екеуі жануар тұрғысына бір. Бұл екеуі де тегі тұрғысынан бір жануар. Немесе әртүрі екі нәрсеге (біз) бір (деп айтамыз). Мысалы Зайд пен Амр адамдық тұрғысынан бір. Бұл екеуі де түрі жақын адам ретінде бір», – деген мысал келтіре отырып былай дейді: «Кейде біз екі нәрсеге, егер ол екеуінің болмысы бірдей болған жағдайда бір деп айта береміз. Кейде бір сипаттағы екі нәрсеге сипаты тұрғысынан бір деп айтылады. Мысалы, қар мен сүт бір. Себебі бұл екеуінің де түсі ақ болып келетіндіктен» – деп айтылған ойды нақты мысалдармен түсіндіреді. Осылайша «Бір»-дің түсінігінің не екендігін де түсіндіре келе: «Шынында да біз (сан жағынан «бір» сөзінің мағынасының бірі ретінде) «екі нәрсе» жайында «бір» деп айтамыз, егер ол екеуінің құрамы бір болып, сандық тұрғыдан бірін-бірі толықтыратын болса. Мысалы, күмістен жасалған тәж бен білекке тағатын білезік сияқты. Біз (осындай

жағдайда) тәж бен білезік «бір» дейміз, егер бұл екеуінің (жасалу) құрамы сандық тұрғыдан бір болса» деп түсіндіреді.

Әл-Фараби екінші тарауды: «сан жағынан бірдей дегеніміз не?» деген сұрақ туындайды деп бастайды да, «сан жағынан бірдей дегеніміз – ішкі есепке қосылып есептелгенімен өздері көп болса да біреу деп есептелуі» деп түсіндіреді. Сосын: «екі атау алғандар үшін «сан жағынан бірдей» дегендерге нақты мысал болмақ. Сондықтан, оны қалай атамасын, түрі мен тегіне қарамастан бірдей ма бірдей. Жеке тұлғаға мысал, бір адамға екі есімнің берілуі немесе есімінің жеке болуы және жеке құжаттамасының болуы. Ал түрге мысал керек десеңіз – киім және кешек. (Түрдің) атауы мен анықтамасы, яки сипатын білдіретін түр де дәл осындай формада. Сондықтан, атауға меңзейтін нәрсе мейлі оның анықтамасы болсын, сипаты болсын сөзбен суреттелген нәрсемен бірдей» деп тұжырым жасайды. Айтып отырған мәселе түсінікті болу үшін түрлі мысалдар келтіреді. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби былай дейді: «...осы жылы Таразы жұлдызына енген Күнмен өткен жылғы Таразы жұлдызына кірген Күн – сан жағынан бірдей. Өткен жылдың күзінде Күннің Таразыға кірер шағында піскен жүзім мен осы жылғы күзде Күннің Таразыға енер шағында піскен жүзім сан жағынан емес, түр жағынан ұқсас болады. Бір жылда дүркін-дүркін қайталанатын циркуляциялық нәрселер – көктегі Күн, Ай және т.б. секілді – сан жағынан бірдей болса, адамдар тек жағынан ұқсас болады, ал жануарлар мен өсімдіктер түр жағынан ұқсас болып келеді. Бір-бірінің артынан қуалап келетін қарсы нәрселер – бір-бірінің артынан келетін қайшылықты нәрсе болғандықтан түр жағынан бірдей боп келеді. Бір-біріне қайшы адамдар да, яки тұлғалар да тек жағынан бір деген сөз» деп түсіндіреді.

Үшінші тарауда «бөліну ерекшелігі бар «Бір»» туралы тақырыпты көрсетіп, ол біріккен бір және бөлінген бір деп екіге бөлініп қарастырылады. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби: «Біріккен заттардың да бір-бірімен байланысты болуының өзі бірдей деген сөз. Оның бірлігінің өзі – біріге кірігуінде жатыр. Біріккендік дегеніміз – сан жағынан бірдей ортақ нәрселердің соңындағы/шегіндегі бөлшектердің быт-шыт болуы нәтижесінде пайда болуы. Сондықтан, бөлшектерінің соңы бірдей болғандықтан оның тұтас халі де «бірдей» деген мағынаға келеді. Ал бұл дегеніңіз сызық,

жазықтық және біртекті түрдегілер туралы сөз болып тұр дегенді аңғартады» дей келе «сызық – түзу немесе қисық болады. Қисық сызықтан гөрі көп жағдайда түзу сызықтың бірдей екендігін көбірек кездестіреміз» деп түсіндіріп талдайды. «Біріккеннің бірдей болу қажеттілігін белгілі еткен негізгі мәселе – оның бөлімдеріндегі шын мәніндегі белсенді бөлгіш нәтижелердің жоғалуы. Негізінде, бұлардың барлығы аспан денелеріне жүргізілген нақты бақылаулардың нәтижесінде айқындала түсуі мүмкін, сөйтіп нақты түсіністікке қол жеткізуге болады. Алайда олар туралы – шындығында бұл заттар оның құрамында болмаса да – бар деп қиялданған сызықтармен оларды өз бетінше бөлшектеу арқылы түсіндіру мүмкін емес. Содан болар, түрлі екі бағыттан бет алып, бір-біріне қарама-қарсы келген екі сызық туралы «екеуінің толық нәтижесі бірдей» деп айтуға болмас. Сондықтан да ол екеуінің әрқайсысы соңында әйтеуір кездеседі және әрқайсысының шын мәнінде өзінің соңы бар. Көлденең сызықтарды есептемегенде шеңбердің айналасынан ортасына жетіп аяқталған сызықтар туралы да дәл осылай айтуға болады. Кірігіп біткеннен кейін бөлімдері бір-біріне ұқсамайтын немесе бөлімдері бір-біріне ұқсайтын, алайда бір-бірімен бітіспей, тек бағыттармен байланысып жатқан ағаштан жасалған кеме, ағаштан жасалған есік секілді бірнеше заттан түзілген заттар бар. Бұл заттар біріккен емес, алайда бір-біріне байлап тастау, дәнекерлеу, жабыстыру, қазықты мықтылап қағып, құрылыс ағаштарын бір-бірінен ажырамастай мықтап шегелеп тастау, орап тастау немесе бос жерлерді сырттан толтырып тастау арқылы бір-бірін ешуақытта босатпайды және бір-бірінен айырылмайтындай жағдайға жеткізу. Сондықтан ол туралы да «Ол бірдей» деп айтады. Оның бірдей деп сипатталуының мәні – бір-біріне біте-қайнасып байланысатын бауда жатыр. Бұл табиғи немесе жасанды түрде де бола береді» деп тұжырымдайды. Ал бөлінген «Бір» туралы: «...бұдан бөлек – бөлімдерден аралас заттарға ұқсамайтын және өздері де зат емес – бір-бірімен тығыз қатынасты түрде бір жерге жиналған әр жиынтықты «өзіне тікелей қатысты нәрсе болғандықтан – ол бірдей» деп атады. Сондықтан біз салыстырмалы шаманы қалыптастырған барлық бөлімдерді белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін кезде сан жағынан орталау түсінікке және белгілі бір шақта пайымға байланысты болған жағдайда

«салыстырмалы» бөлімдерді сан жағынан бір нәрсеге қатысты болғанда оны көндіру мақсатында көмектескісі келсе оны «құтба» деп атаймыз, белгілі бір «танымды», «анықтама-ның» тілге тиек еткенде оны бір жолақ бойымен айтса немесе терең дем алу кезіндегі аралық демікпелерді есептемегенде аралас уақыт кезінде әрі үздіксіз түрде бөлімдерді бір-біріне жақындату кезінде айтқандарын «сөз», «қасыда», «кітап» деп айтамыз.

Мұндай нәрселер ол сөйлемнің әсерін дәріптеп ұлықтауда және оның одан да күшті екенін қалыптастыруда қажеттілік сезінген бөлімді оны еш ұмытпайынша, бір жағынан жарайды толық деп есептеу және ол туралы ең дұрысы «ол бірдей/айнымайды» деп атаушылық орынды болады. Нәтижесінде, оның бірлігі екі себепке байланысты болуында. Алғашқысы – (арқасында) бөлімдердің бірлесу нүктесінің болуы – мақсаттың өзі сол араласуда еді ғой, екіншісі – бір түрдің толық/ бүтін болуы. Өйткені, бір заттың кемел әрі толық болуы – оған қатысты нәрселердің бірлігінде жатыр» деп ойын тұжырымдайды. Ал төртінші бөлімде: қасиеті жағынан белгілі болған нәрсеге де айтылатын «Бір» туралы түсініктер талқыға түседі. Осы бөлімді әл-Фараби қорытындылай келе: «Мына бір нәрсені білуің қажет: «бар» болғандардың барлығы және «нәрселердің» тұтасы (өзімен бірге) қасиеті белгіленген қандай да бір зат тұрғысында серігінің болмауы қажеттілігі міндетті. Немесе оны Ол жасаған нәрсе тұрғысында немесе оны сипаттық яки мөлшерлік еткен, қала берді өзімен бірге бір қасиет үстеген нәрселердің бірі тұрғысынан серігінің болмауы қажет. Өйткені, әр «нәрсенің» өзі қасиетін белгілегендердің барлығының серігі болатын болса, бір нәрсе өзге бір нәрседен, қысқасы бір нәрсеге байланысты ешқашан ажыратылмайды; бір бар нәрсе де өзге бір бар нәрседен ешқашан ажыратылмайтын еді және бұл іс былай өрбитін: Бар мағынасының еш серігі қалмайды, дұрысы оған тән есім мен атаудың болуы жойылады. Одан әрі барсақ, әңгімелесу мен түсіндіру де өзгереді. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ол – қандай да бір қасиетпен ерекшеленген нәрсемен бір болады және ол тұрғыда серігі жоқпен ажыратылады» деп өз ойын тұжырымдайды. Осылайша трактаттың алғашқы тарауы аяқталады. Яғни алғашқы тарауда, бір текте, бір түрде немесе бір сипатта көптік (болған) затқа айтылатын «Бір» туралы, сандық «Бір» туралы, бөліну ерекше-

лігі болған «Бір» туралы, қасиеті жағынан белгілі болған нәрсеге де айтылатын «Бір» туралы мәселелер кеңінен талқыланып, нақты мысалдармен түсіндіріледі.

Ал енді екінші тарауда «көп» сөзінің мағынасы, ол жайлы түсініктер талқыға түседі. Бұл тарау «Бірдің қарама-қарсы болған көптік» туралы түсінік беруден басталады. Нақтырақ айтсақ, әл-Фараби: «Бірге емес» – «бірге болудың» қарама-қарсы мағынасы. Бірді жоққа шығарудың жолдары бірді дәлелдеудің жолдарымен сан жағынан тепе-тең. Тек мына бір нәрсені ескерген жөн: бірді жоққа шығарушылар арасында күші бірге қарама-қарсы көпшіліктің күші бар; алайда әр «Ол – жалғыз» дегенге міндетті түрде қандай да бір көптіктің қарсы болуы міндетті жағдай емес» дей келе «егер де біреу: «бірлік қасиетінің, сипатының одан алынып тастауы, өз дәнекерлігімен нақты болуының жойылуы; өз дәнекерлігімен ажыратылатын нәрсе оның сыртындағылардан алынып тасталған кезде өзгелерімен тек немесе түр жағынан ортақ қасиеті бар деген мағынаға келеді» десе, оған жауап мынау болмақ: «Ол тағы да оның сол бір қасиетке ие еместерден белгілі болуын қамтамасыз еткен – одан да жалпы түр болған күннің өзінде – бір қасиет болып саналады». Сондықтанда бір мейлі жалпы болсын, мейлі жеке болсын, белгілі бір қасиетпен белгілі болғанға айтылады. Олай болса, мұндағы бірдің жойылуы өзін «біреу-мін» деп есептейтін қасиеттің жойылуы деген мағынаға саяды, қалай дегенмен де, оған қарсы мағынадағының, яғни көптіктің дәлелі мағынасында емес» деп түсіндіреді. Осы бөлімде қандай да бір көптіктің қарама-қарсы болатын «Бір» туралы да түсініктерді егжей-тегжейлі баяндайды. Дәлірек айтсақ, «қасиеті бөлінбейтіндер» турасындағы айтылған «бірге» келер болсақ, оның қайшы мәнісі «қасиеті бөлінетіні», ал ол – көп деген сөз. Себебі, бөлінетін нәрсе бөлініп қалған немесе бөлінбеген жағдайдың өзінде бөліну ерекшелігіне ие және оның әрбірі шын мәнінде немесе зор мүмкіндік тұрғысынан өте көп» дей келе «...өзіне тән бағыттардағы ұзаруы барлардың бөлінбейді дегендері де дәл осындай. Өйткені, олардың әрқайсысына бөлінетін нәрсе қарсы болады және олардың әрқайсысы – бұрында айтылып кеткеніндей – бөліну тұрғысынан алғанда өте көп. Сондықтан болар, біріккен нәрсеге бөлімдерінің шекті нәтижелері немесе оларға тән нәтижелері барлар қарсы болады, осы тұр-

ғыдан келгенде ол да көп деген сөз. Сан тұрғысындағы бірге – сан тұрғысындағы көп қарсы болады... Түр тұрғысындағы бірге түр тұрғысындағы көптің қарсы болатындығы белгілі, ал ол – әрқайсысы өзіне тән бір жоғарғы түрдің астында орналасады. Бұл сыныптардан әр сыныптың қайшылығы болған көп, бірдің сыныбынан болып келеді» деп тұжырымдайды. Сосын бірден пайда болатын көптік туралы сөз етеді. Әл-Фараби: «Жоғарыда сөз болған сыныптарға қатысты мынадай бір нәрсе бар» дей келе: «бұл сыныптардың біріне қарсы мағыналас болған көптің сол сыныпта пайда болған көптің дәл өзі болуы кездейсоқ, яки өткінші ретінде жетеді. Бұл сыныптардан бірі түр жағынан бірдей болғандардан пайда болған көп. Сондықтан, ол тектен әр түрдің астындағы түрлер алынғанда – әр тектің түрлері сол тектің тұтас ішіндегі біреу болуымен бірге – бұл бірлерден пайда болған (көп), (тек тұрғысынан бірдейден пайда болған) көп деген сөз. Неге десеңіз, әр тектен бір түр алынып тасталғанда өзге тектен бір түрге және үшінші тектің бір үшінші түрмен салыстырылғанында үш түр «тек тұрғысынан көп» деп есептеледі. Сонымен бірге, әр тектен екі немесе одан да көп түр өзге бір тектен екі немесе одан да көп түрмен салыстырылатын болса, мынау мен анау тек тұрғысынан көп деп есептеледі» деп түсіндіреді. Осы бөлімді «...егерде біреу «пайда болған көптің (бірлерінен) әрбірі қандайда бір сипатпен белгілі» болады десе, оған былай жауап береміз: көптегі әңгіменің негізгі төркіні оның айқын болуын қамтамасыз еткен сипаттан өзгеше болғанның сипатының жойылуы. Одан жойылған тек өзгесінің сипаты және соның арқасында «Бір» жағдайына келген. Одан пайда болған көп туралы, өзі одан, яғни сол сипатқа байланысты ол бір делінген сипатының пайда болуынан басқа ешнәрсе туралы сөз болмайды. Олай болса, одан пайда болған көптің ішінде өзі туралы, оған байланысты ол бір делінген мағынаның кері мағынасы болған нәрсе жоқ. Бірдің мағынасының бірі ретінде ұсынылған бұл мағына одан пайда болған көпте негізінде оған қайшы келуі тұрғысында ең алшақ мағына болып табылады. Одан әрі қозғасақ, бұл жерде оған қайшы болған «көп» еш жоқ. Оның мағынасы тек мынау ғана: әр сынып турасында «Ол – біреу» деген сыныптар бар» деп қорытындылайды. Ал келесі бөлімде көптік мағынада қолданылатын «Бірдің» түрлері жайлы түсініктерді баяндайды. Нақ-

тырақ айтсақ, әл-Фараби: «көп туралы айтылған бірдің тақырыбы мәжбүрлі түрдегі көп және көп емес болған жағдайда оған негіз арта отырып мақұлданбайды. Мұның алғашқысы тек тұрғысынан бірегей (жалғыз) болуы немесе түр жағынан бірегей (жалғыз) болуы, яки өзіне бағытталған – өзіне жүктелген – сөз тұрғысынан бірегей/жалғыз болған нәрсе. Сан жағынан бірегей (жалғыз); қос және жалғыз сан мағынасындағы біреу емес; «көп» санның ішінде бар. Мұның ең азы екі. Сол сияқты, элементі (біреу, жалғыз, бірдей) болған да көп, ол туралы немесе оны негізге ала отырып «ол – элементі тұрғысынан бірдей» деуге болады. Сан жағынан бірге келер болсақ, екі атауға немесе бір атау және бір сөзге, яки екі баяндауышқа сәйкес келеді. Яки атаулардан және жүктелгендерден бірнеше нәрсеге сәйкестігінің көптігіне байланысты көп болуы немесе бірнеше нәрсенің одан заттанбауы негізгі мәселе болып отыр. Мұндай «Бір» мәжбүрлі түрде көп болады немесе мәжбүрлі түрде көпке қатысты болады. Көп болғандығы немесе мәжбүрлі түрде көпке қатысты болғандығы үшін ол турасындағы «Бір» деген үкім мақұлданады. Олай болмаған жағдайда ол туралы сан тұрғысынан «Бір» болуы мақұлданбайтын еді» дей келе: «қандайда «Бір» бағыттан біріккен туралы қолданылған «Бір» де біріккен «Бір» болып есептеледі. Өйткені, біріккен нәрсе бөліктері ортақ нәтижелермен шектелуі тұрғысынан немесе өзінің яки түрінің ортақ немесе ерекше нәтижелермен біріккен бөліктерге бөліну ерекшелігіне байланысты, яки – «Бір» бағыттан немесе бағыттардың «Бір» өзге бағытқа яки бағыттарға ұзарғанындай – нәтижелермен шектелмеген бөліктерге ие болғандықтан көп деп есептеледі» дейді. Осылайша түрлі мысалдар келтіре отырып сөзге қатысты әл-Фараби: «...сөздер тобы немесе түйсікке жеткендер (танымдылық) тобы турасында айтылған бір де сондай түсінік бар. Ой түйініне негіз болатындай пайым, салыстыру, ұзақ құтба (уағыз), ұзын қасыда (өлең-жыр) секілді. Әрбірі «көп» болған жағдайда бұлардың әрқайсысы туралы «Бірдей» деп айтуға болады, сондықтан бұлар «Бірдің» олар туралы қолданысын мақұлдауда көбеюді қажетсінеді» деген пікір айтады. Сосын «өздері «Бір» деп аталған, алайда «Бірдің» өздері турасындағы қолданысының мақұлдануында көбеюді қажетсінебеген өзге артық нәрселерге тоқталып, олардың мәнін түсіндіре келе «қандай да «Бір» сипат-

пен белгіленген нәрсе кейде көп, ал кейде көп емес болады» деген тұжырым жасайды. Осылайша екінші тарауда «Бірдің» қарама-қарсы болған көптік мағынасы, «Бірден» пайда болатын көптік, сондай-ақ көптік мағынада қолданылатын «Бірдің» мәселесі жан-жақты түсіндіріліп баяндалады. Ал үшінші тарауда «Көп және Бір» сөздерінің мағынасы талқыға түседі. Бұл тарау «Бірдің» түрлері және оған қарама-қарсы болатын көптің түрлері туралы ұғымдарды түсіндіруден басталады. Әл-Фараби: «...«Бірге» тақырып болған көптің, «Бірге» – оның сипаты болатындай – қарсы көп болуы мүмкін емес. Өйткені, зат – тек қана уақытша ғана қарсылығымен сипатталады. Біреуден пайда болған көптің «Бірге» қарама-қайшы болған көптің бөлігі болуы мүмкін емес. Себебі, нәрсе – тек қана уақытша ғана қарама-қайшысынан пайда болып, оның мәнін түзетін бір бөлік болуы әбден мүмкін. Тек мына бір нәрсені білген жөн, әрбір көп нәрсе бірлердің жиынтығынан құралады. Әрбір көп нәрсені аяқта ұстап тұрған бөлігі – бір. Әрбір көп нәрсе, осы тұрғыдан келгенде, бірден құралады. Олай болса, бірге қарама-қарсы болған көптің бірлерінің әрбірі оған қайшы болған бірден өзгелеу, дұрысы, ол бірден өзге бір-бір деп есептеледі. Барлығы бір деп сипатталған көп те сол іспеттес. Өйткені, оның бірлерінің әрбірі оның жиынтығы туралы қолданылғаннан өзгеше бір. Бірдің әр сыныбын бірдің әр сыныбына қайшы болған көптің сыныптарын біртіндеп кезекпен қолға ала отырып, оның көптің қай сыныбының бірдің қай сыныбынан пайда болғандығын білу мақсатында зерттеп көрелік» дей келе: «тек жағынан алғанда – бір, түр жағынан алғанда – бір, сипатына бағытталған сөз тұрғысынан алғанда – бір, бір немесе бірден көп кездейсоқтық тұрғысынан алғанда – бір, сәйкестік тұрғысынан алғандағы – бір, соның арқасында түр немесе сан жағынан бір мақсатқа жетуі тұрғысынан алғандағы бір – сан жағынан бірдей болғандар, бірнеше нәрсенің жүктелгендігі себепті «Бір» (жалғыз) болу мәселесінде бірігеді. Түр немесе сан жағынан бірдей болғандар бірнеше нәрсенің сан жағынан бір тақырыпты болуы себепті бірдей болу тұрғысында бірігеді. Бір бағыттағы бірлескен «Бір» болса, оның екі бөлігі сан жағынан «Бірдей» болған нәрсе соңында аяқталуымен және жалғасы жеткен бағыт пен ұзағынан созылған бағыт арасындағы қайшылықтың сан жағынан бірдей болуы себепті «Бір» болады.

Бөліктері бір-бірімен байланысып жатқан жиынтық және оларды байланыстырып жатқан баулардың сан жағынан бірдей болуы себепті – бір болады» деп түсіндіре келе келесі бөлімде бірдің түрлерінен әрбір түрден пайда болған көптік, басқа түрден пайда болған көптен басқа болатындығын баяндайды. Әл-Фараби: «көп – бірлердің жиынтығы. Өзіне көп деп айтылғандардың бағыты өзіне бір деп айтылғандардың бағытының санына тең. Бірдің сыныптарынан әрбір сыныптан пайда болған көп – өзге сыныптан пайда болған көптен өзгешелеу. Жүктелуі себепті бір болған бірден пайда болған көп, тақырыбы жағынан бір болған бірден пайда болған көптен өзгешелеу және жүктелуі себепті бірден пайда болғанның, яғни көптің бірлерінің әрбірі жүктелуі себепті бірдей болғандар. Айталық, көптің әрбірі тек тұрғысынан бірдей бірлерден пайда болуы секілді. Ол көптің бірлерінің саны 10 болса, 10-ның әр «Бірі» тек жағынан бірдей болады. Алғашқы тек тұрғысынан барлығы бірдей, айталық, сандық категориясы шеңберінде орын тепкендердің барлығы сондай. Екінші тек тұрғысынан барлығы бірдей, өйткені, сапалық категориясы шеңберінде орын алғандардың барлығы да сондай. Осылайша, барлық категориялар бойынша ілгерілеу байқалады және он категорияның қол астындағылар тек жағынан бірдейлерден пайда болған бірлер болып саналады, оннан пайда болған көп те осы бірлерден пайда болған көп болады» деп түсіндіреді. Қорыта айтқанда үшінші тарауда бірдің түрлері және оған кереғар болатын көптің түрлері, бірдің түрлерінің әрбір түрінен пайда болған көптік, басқа түрден пайда болған көптен бөлек болатындығы нақты мысалдармен дәйекті түрде түсіндіріліп, талқыға түседі. Ал келесі тарауда «бір және көп» сөздерінің ұғымы, түсінігі беріледі. Трактаттың осы төртінші тарауы «көптің бір бөлігі болатын бір» жайлы түсініктен басталады. Әл-Фараби: «Мына бір жәйттің анық екендігіне күмән жоқ, бірдің мағынасы болып табылатын әр мағынаға қандай да бір «көп» қайшы мағына болып табылады. Олардың бірі тек жағынан бірдей болғандар, әйтпесе оған тек жағынан бірдей болған нәрсе қарама-қарсы болады. Екеу болған жағдайда ол екеуі өздеріне жүктелген тектің сан жағынан «бір» болуымен бірдей болады. Бұл бірге қарсы мағына болған «көп» өздеріне жүктелген екі тек болғанда екеу болады. Дәл сол сияқты, өздеріне жүктелгендердің сан

жағынан «бірдей» тек болуына байланысты екіден көп бір болған жағдайда, оған қайшы болған «көп» бірнеше жоғары тектің астындағы нәрселер болып табылады» деген пікір айтады. Сосын әл-Фараби: «мына бір нәрсе соңғы кезде нақты анықталды: жоғарғы тектердің әрқайсысы турасында «Ол – бірдей» деп айтылып жүр, алайда, бұл екі нәрсе туралы «Ол екеуі тек жағынан бірдей» деген мағынада бірдей емес болып шықты. Сан жағынан бірдің мағынасы бірден көп нәрсеге – олардың әрқайсысына жеке жеке сәйкестендірілген жағдайда сипаты айқындалатындай/шындыққа ұластындай – сәйкестенуі мағынасында болған жағдайда (ол туралы) «сан жағынан бірдей» деп айтылмайды. Басқа бір тұрғыдан сан жағынан бірдей болуы өзіне қатысты болған күннің өзінде көптен бір болуы тұрғысынан тектердің әрбір тегі сан жағынан «бірдей» емес. Ең дұрысы бұл турасында әрбір тектің бірдейлік жағдайына және көптің бөлшектік жағдайына келердей етіп, қай тұрғыдан бірдей болғандығына назар аударуымыз қажет» деп ескертеді. Айтылған әрбір ойға мысал келтіре отырып түсіндіре келе келесі бөлімде көптің бір бөлігі болмайтын Бір туралы түсінікті талқыға салады. Әл-Фараби: «Жоғарыда атап өткен нәрселердің ерекшелігі мынада» дей келе: өзіне сан жағынан сәйкестендірілетіннің саны және сан жағынан бірдей нәрсенің бірлері, олардың әрқайсысы турасында «ол – бірдей» деп айтуға болады, дегенмен, негізінде, ол бағыттардың бір бағытымен, жүктелгендері бірдей болуымен, тақырыбы бірдей болуымен қатар, – ондағы екі сәйкестіктің өзгеруі кезінде сипаты өзгермейтіндей болуы – екі нәрсемен сәйкестендірілгенде бірдей болғандықтан бірдей дей алмаймыз. Әйтпесе, ол турасында «ол қандай да бір мекен арқылы өзгесінен ажыратуға болатындай секілді – бір» деуге болады. Өйткені, олардың әрқайсысы – бірден құралған және бұл бірлердің мағынасы қандай да бір мекенмен бір-бірлеп кездеседі. Бұл жердегі бірдің мағынасы – өзінен басқа, біреусіз, өзгелерге тән емес бір нәрсемен ерекшеленген мағына дегенге саяды» деп түсіндіреді. Сосын: «өзі туралы бір деп айтылуына ең лайықтысы қандай да бір сипатпен ажыратылатындар, кейін басқа категориялардан бір нәрсе арқылы белгілі болғандар екінші кезекте. Мысалы үшін адам секілді – қандай да бір қасиеті арқылы басқасынан оқшауланған бір – атқа және жануар болуда оған ортақ болған-



дардың барлығына емес, тек оған тән бір сипат арқылы жалғыз (бөлек) болады...», – деп тұжырымдайды. Осы бөлімде әл-Фараби: «Мына бір нәрсені ұмытпаған жөн: олардың кейбіреуінде көптің табылуы еш мүмкін емес. Қасиеті еш бөлінбейтіндігі секілді. Өз қасиетінде сандық бөліну арқылы бөлінбейтіннің – өйткені қандайда бір уағызы болумен қатар жалғасы жоқ – ішінде көптіктің болуы мүмкін емес. Ерекше тақырыптарға бөлінбейтіндер де (дәл солай). Зайд, Амр, мына ат, мына есек секілді денелердің әрқайсысы қалай дегенмен де жиынтық (бүтін) болып табылады. Зайдтың өзіндегі «бұл мәлімет» секілділер сандық бөліну арқылы бөлінбейді. Сол сияқты, бірден көп кездейсоқтық арқылы еш қасиет үстелмегендіктен бөлінбейтіндер мен олардың қасиеті, есімдердің және сөздердің көптігі, оған бағытталған сөздердің туындыларының көптігіне сәйкес бөлінбейтіндігі, міне, сондықтан бұл екеуінен қашып құтылмайтын, ешқашан да және ешқандай тұрғыдан да бөлінбейтіндігінде жатыр» дейді. Сосын әл-Фараби: «өзі туралы «ол – Бір» дегендердің бір жерге топтастыруы» атты келесі бөлімде: «өзі турасында «Ол – біреу» дегендердің жалпыламасы жасалатын болса, мыналар да бірігеді: 1) баяндаушы бірдей; 2) тақырыбы бірдей; 3) сандары бірдей; 4) жиынтық болғандықтан жиынтық болу тұрғысынан бірдей, 5) бөлінбейтіндері бірдей; 6) серігі болмағандықтан бірдей; 7) өзінен басқа қасиет иелерінде жоқ бір қасиет арқылы белгілі болғандықтан бірдей; 8) бір соңғымен, яки мекен (орын) арқылы ажыратылғандықтан бірдей болғандар» дей келе «мына нәрсе нақты, қандай да бір мекен арқылы белгілі болу болмағандықтан басқасымен байланыс түзуші немесе біріктіруші болады және нәтижесінде өзімен бірігетінге тіркес арқылы басқа бірлік және онымен, яғни әлгі бірлікке байланысты одан бұрынғы бірдей деген мағынадағы өзгешелеу мағынаға байланысты бір жағдайына келеді. Қандай да бір қасиет арқылы белгілі болмай, керісінше қандай да бір қасиет арқылы өзгесімен серік болғанда ол сол қасиеті арқылы онымен ортақ болады, яғни жүктелу тұрғысынан бірдей (болады) деген сөз» деп тұжырым жасайды. Осы бөлімде әл-Фараби: «...білуіңіз керек нәрсе, олардың – егер зат болған жағдайда – бөліктерінің мекенмен жақындасуы; – егер сөз болса – бөліктерінің жақындасуы белгілі бір мөлшердегі байланыстар арқасында; қалай дегенмен де, бұл байланыс-

тардың үлкендігінің мейлі соңы болсын – егер зат болса – мейлі соңсыз болсын, түбінде екеуі тең дәрежеде. Өйткені, олардың соңы болса соңмен белгілі болуы – бір жиынтық болу негізінен бірлігі/жалғыздығын есептемегенде – олар турасындағы бір өзге бірлік (жалғыздық) болып табылады» дейді. Осы бөлімнің соңында әл-Фараби: «Бөлінеді» деген сөз кейде «бөліктері бар» деген мағынада қолданылады, ал кейде бөліктері жоқ, алайда болашақта бөліктері болуы жағдайына келуі мүмкін болуы туралы айтылады, кей кездері бір түрден – осы екі тұрғының бірінен бөлінетін – серігі бар туралы айтылады» деп аяқтайды.

Қорыта айтқанда, трактаттың төртінші тарауында әл-Фараби көптің бір бөлігі болатын «Бір» туралы, көптің бір бөлігі болмайтын «Бір» туралы және өзі «ол – Бір» дегендердің бір жерге біріктірілуі туралы мәліметтерді әртүрлі ұғымдарға қатысты мысалдар келтіре отырып жеке-жеке талқыға салып түсіндіреді.

«*Әл-Уахид уал-Уахда*» трактатының соңғы тарауы «өзіне бір делінетіндердің қорытындысы» ретінде беріліп, осы тарауда әл-Фараби: «Бір» сипаты бірнеше көзқарас бойынша қарастырылады» дей келе «айталық, екі нәрсе туралы «Ол екеуі бірдей» деуге болады немесе «анау мен мынау бірдей» деп те айтамыз. Әр «екі нәрсе» туралы осылай деу тек мына екі көзқарастың біріне байланысты болмақ; ол екеуіне бір/жалғыз нәрсе жүктелгендіктен, яки ол екеуінің тақырыбы біреу/ жалғыз нәрсе болғандықтан. Мына нәрселерде солай: (Тек тұрғысынан бірдейлер) түр тұрғысынан да бірдей болғандар; бөлшек пен зат тұрғысынан – не жақын затта, не алыс затта – бірдей болғандығы сонша, екеуінің заты сан жағынан бір түрдің астында немесе оның орнына екеуінің заты сан жағынан бірдей болғанда солай болады. Сипатына бағытталған сөздері бірдейлер де сондай. Бұл дегеніңіз – түр тұрғысынан бірдейлерге тән/ түр тұрғысынан бірдей болғандарға қатысты. Қандай да бір кездейсоқтық арқасында бірдейлер де дәл солай болады. Екеуінің әрқайсысымен тікелей, жеке бір/тек мақсатқа қол жеткізерде түр тұрғысынан бір/жалғыз әрекет еткен әр «екі нәрсе» туралы да бірдей деп айтуға болады» дейді. Сосын «сан жағынан бірдейлер де дәл солай және мұның өзі бірнеше тұрғыдан қарастырылады. Бір нәрсеге бірнеше атаудың берілуі де дәл солай. Әйтпесе екеуінің бірінің атауымен өзгесіне берілген атау негізінде бірдей. Анықтамамен

немесе суреттеумен өзіне бағытталған және аталымдары бірдей болуымен қатар – атауы, анықтамасы немесе суреттелуі табылған нәрсе де дәл солай болады» деп тұжырымдайды. Трактаттың соңына қарай әл-Фараби: «өзіне тән болмыста – қандай болмыс болмасын – серігі жоқ болса да бірдей делінеді, сондықтан ол өз тегінде немесе түрінде, яки – табиғи түрде немесе ерікке бағынышты түрде, кездейсоқ немесе күштеу арқылы білім (білу), белгілі бір мекенде немесе өзге бір нәрседе атақ секілді – кездейсоқтықтан кездейсоқтыққа серігі болмауы. Бір кісінің «өзіммен бірге бір ғана (жалғыз) дирхамым бар» деуі секілді, бұл бәлкім оның еркімен болған нәрсе шығар, бәлкім кездейсоқтықтан болуы да мүмкін» деген ой айтады. Қорыта айтқанда, осы соңғы бөлімде: «Бірдің» қолданыс аясындағы «Бір» туралы ұғымдар нақты мысалдармен түсіндіріліп баяндалады.

### Қорытынды

Міне, осылайша біз әл-Фарабидің «*әл-Уахид уал-Уахда*» атты трактатының мәтінінің мазмұнына қысқаша шолу жасадық. Осы орайда, айтылуы тиіс басты мәселе бұл трактатта «Бір» ұғымы сан түрлі түсініктер аясында талқыға түсіп, «Көп» ұғымымен сабақтастығы мен алшақтығы баяндалады. Мәтіні тез түсінуге ауыр, ойланған кісі таң қалдыратын ерекше трактат. Бұл трактат биылғы жыл аясында қазақ, орыс тілдерінде оқырманға ұсыну жоспарлануда.

Осы трактат жайында еуропалық зерттеуші ғалым Дэмиен Янос (Damien Janos): Әл-Фараби «...осы еңбектің өзінде және «Бір туралы» трактаттың қорытындыларына негізделген басқа да еңбектердегі концепциялардың кейбір метафизикалық нәтижелерін зерделеуге де қызығушылық танытқан» деген пікір айта отырып: «Бірлік пен көптіктің орталық философиялық тақырыбын қарастыра отырып, трактат әл-Фараби шығармаларының қалған бөлігімен айқын тақырыптық байланыстарды көрсетеді, өйткені әл-Фараби теология, космология, психология мен логикаға арналған басқа да еңбектерінде бірлік тақырыбын қарастырған...» деген тұжырым жасайды. (Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke, 2016) Бұл тұжырым біздер үшін алдағы уақытта осы трактатты әл-Фарабидің басқа да трактаттарындағы ой-пікірлер

рімен сабақтастығын зерттеп зерделеудің маңыздылығын аңғартады. Әсіресе әл-Фарабидің «*Китабул хуруф*» (Әріптер, бөлшектер кітабы) атты трактатымен сабақтастыра зерттеу маңызды. Себебі Дэмиен Янос (Damien Janos) өзінің талдау мақаласында: «Бір туралы» «Бөлшектер кітабымен» (*Китаб әл-хуруф*) тығыз байланысты. Оның бір бөлігі нақты метафизикалық терминдер мен бөлшектердің талдауына арналған. Іс жүзінде, осы қос еңбектің әл-Фарабидің танымындағы бірлік пен тіршілік туралы барынша ортақ метафизикалық концепцияларды зерттейтіні таңғаларлық», деп жазады. (Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke, 2016)

Әл-Фараби трактаттарын түпнұсқадан ұзақ уақыт бойы зерттеген Мухсин Маһди 1970 жылы «*Китабул хуруф*» атты трактатты алғаш рет басып шығарар кезде осы трактаттың алғы сөзінде «*әл-Уахид уал-Уахда*» атты трактаты туралы сөз ете келе: «бұл трактат түбінде «*әл-Хуруф*» (Әріптер) кітабының бір бөлігі болуы мүмкін» деген пікір айтқан болатын. (Mohsen Mahdi: 42-43) Десек те бұл пікірді қуаттайтын қазір ешбір дәлел, айғақ жоқ. Бұл туралы Дэмиен Янос (Damien Janos) өзінің талдау мақаласында: «Бір туралы» трактат бастапқыда «Бөлшектер кітабының» бір бөлігі болған деген жорамал шындыққа жанасатын сияқты, бірақ қазіргі кезде оны дәлелдеу мүмкін емес және маған белгілі болғандай, араб тілінде жазылған дереккөздер мен қолжазбалар мұны қуаттамайды. Іс жүзінде, олардың құрамы хронологиялық аралықпен бөлінген болуы мүмкін және тіпті егер «Бір туралы» трактат «Бөлшектер кітабына» қосымша ретінде құрастырылса да, әл-Фараби оны тәуелсіз трактат күйінде көрсетуге тырысқан болуы ықтимал. Олай болса, осы қос бірдей еңбек біртұтас мәтінді құрай ма деген сұрақ әзірге басы ашық күйде қала бермек» деп жазады. (Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke, 2016) Шынында да бұл пікірмен толық келісуге болады. Әрі бұл сұраққа жауап іздеудің де қажеті шамалы. Ең бастысы, бұл трактат сонау әл-Фараби заманынан бізге жетіп отыр. Бізге жетпей қалған немесе әлі күнге дейін ғылыми айналымға түспеген трактаттары да баршылық. Сондықтан ендігі мәселе біз сөз еткен «*әл-Уахид уал-Уахда*» трактаты мәтінінде талқыға түскен ой-пікірлер мен тұжырымдарды дұрыс түсініп, ұғыну арқылы оны ғылымның дамуына, адамзат баласының игілігіне пайдалана білуімізде жатыр.

### Әдебиеттер

- الفارابي حياته، آثاره، فلسفته. إعداد أحمد شمس الدين. دار الكتب العلمية بيروت، لبنان الطباعة الأولى 1990 م  
أبو نصر الفارابي كتاب الواحد والوحدة. حققه وقدم له وعلق عليه محسن مهدي دار توبقال للنشر المغرب ص 26  
كارل بروكمان. تاريخ الأدب العربي الجزء الرابع، نقله إلى العربية الدكتور السيد يعقوب بكر والدكتور رمضان عبد التواب. الطبعة الثالثة، دار المعارف القاهرة: ص 141
- أبو نصر الفارابي كتاب الواحد والوحدة. حققه وقدم له وعلق عليه محسن مهدي دار توبقال للنشر المغرب ص 21  
أبو نصر الفارابي كتاب الحروف. حققه وقدم له وعلق عليه محسن مهدي. الطبعة الثانية. دار المشرق/ المقدمة ص 42-43.
- Ahmet Ateş, (1951). Bibliography of Farabi's Works". TTK Belleten, p. 175-192  
Ahmed Shams El-Din, (1990) Al-Farabi. His life, his effects, his philosophy. Scientific Books House, Beirut, Lebanon.  
Mohsen Mahdi, Abu Nasr Al-Farabi book of One and Oneness. Dar Toubkal Morocco, p. 26  
Mohsen Mahdi, Abu Nasr Al-Farabi's Book of Letters, Second Edition. Dar Al-Mashreq / pp. 42-43.  
Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke (2016) Damien Janos. Al-Fārābī's (d. 950) On the One and Oneness: Some Preliminary Remarks on Its Structure, Contents, and Theological Implications. The Oxford Handbook of Islamic Philosophy.  
Yaqoub Bakr, Ramadan Abdel Tawab, Brockmann K., The History of Arabic Literature, Part IV, Third edition, Dar Al Ma'aref, Cairo, p. 141.